

№3 жалпы білім беретін мектебінің 2024 – 2025 оқу жылындағы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмысының қорытынды есебі

Әдістемелік бірлестік жұмысы мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді. Жыл бойы мұғалімдер оқыту сапасын арттыруға, инновациялық әдістерді қолдануға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарды. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айнал қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Бірлестік құрамы

Бірлестік құрамында 19 мұғалім бар. Оның ішінде:

- Педагог-сарапшы – 10
- Педагог- модератор – 6
- Педагог -1
- Санатсыз – 2

Жылдық жұмыс бағыттары

1. **Оқыту сапасын арттыру:** пәндік білімді тереңдету, оқу үлгерімін қадағалау.
2. **Функционалдық сауаттылық:** оқушылардың оқу, жазу, есептеу, ойлау дағдыларын дамыту.
3. **Инновациялық әдістерді енгізу:** саралап оқыту, деңгейлік тапсырмалар, АКТ қолдану.
4. **Тәрбие жұмысы:** «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымымен жұмыс, сыныптан тыс іс-шаралар.
5. **Әдістемелік жұмыс:** ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, педагогикалық оқуларға қатысу.

Қазіргі таңда қоғамның даму қарқыны білім беру саласынан жаңа талаптарды қажет етеді. Мұғалім – тек білім беруші ғана емес, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын, өмірлік дағдыларды қалыптастыратын тұлға. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана білу – білім сапасын арттырудың басты кепілі. Заманауи педагогикалық технологиялар (сын тұрғысынан ойлау, саралап оқыту, АКТ, жобалық әдіс, формативті бағалау, құндылыққа бағытталған білім беру) мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға ықпал етеді.

Мақсаты:Заманауи тәсілдерді қолдана отырып, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық және функционалдық сауаттылықтарының дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Оқыту процесінде инновациялық әдістерді тиімді қолдану.
- 2.Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын дамыту.
- 3.Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған жаңа әдістерді енгізу.
- 4.Әріптестермен тәжірибе алмасуды жолға қою.
- 5.Жеке кәсіби дамуға арналған курстарға қатысу.

Жүргізілген жұмыстар

Сабақ жаңа педагогикалық технология Ж.А.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы негізінде өткізілді. Бұл технологияның басты мақсаты – әрбір оқушыны қабілетіне қарай дамыту, жеке ерекшеліктерін ескеріп оқыту, өздігінен білім алуға үйрету.

«Бастауыш – білім бастауы» тақырыбында мектепшілік бастауыш апталығы өтті. Апталықта бастауыш мұғалімдері ашық сабақтар берді. Мақсаты: Жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. Оқу үдерісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра, рухани-адамгершілік, эмоционалдық және дене дамуын қамтамасыз ету.

Сабақ барысында АКТ құралдарын (интерактивті тақта, BilimLand, Google Classroom, Quizizz, Kahoot) жүйелі қолдану.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану (INSERT, Венн диаграммасы, ББҮ, Кубизм, «Ойлан – жұптас – бөліс» әдістері).

Саралап оқыту арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай тапсырма беру.

Формативті бағалау тәсілдері

Жобалық және зерттеу жұмыстары арқылы оқу

Топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Мұғалімдердің әдістемелік бірлестік отырыстарына, семинарларға, вебинарларға қатысуы.

Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында жаңа форматтағы курстарға қатысу (кәсіби даму, цифрлық білім беру).

Нәтижелер

- Мұғалімдердің заманауи әдістерді қолдану тәжірибесі кеңейді.
- Сабақтарда оқушылардың белсенділігі артты
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығы (оқу, жазу, есептеу, ойлау дағдылары) жетілді.
- Оқу үлгерімі мен білім сапасы айтарлықтай жақсарды .
- Мұғалімдер кәсіби байқауларға, онлайн-конференцияларға қатысып, тәжірибелерімен бөлісті.
- Оқушылар мектепшілік, аудандық, қалалық олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Кездескен қиындықтар

- Барлық мұғалімдердің заманауи технологияларды бірдей деңгейде меңгере алмауы.
- Оқушылардың техникалық құрал-жабдықтарының жеткіліксіздігі (компьютер, планшет, интернет).
- Кейбір ата-аналардың қолдауының төмендігі
- Уақыт тапшылығы мұғалімдердің жаңа әдістерді терең меңгеруіне кедергі келтіреді.

Қорытынды

4 тоқсанда ӘБ отырысы болып өтті. Отырыста: оқушылардың үнемі конкурс, марафондарға қатысуы, бастауыш сынып мұғалімдерінің жыл бойындағы шығармашылық жұмыстары және т.б

мәселелер қарастырылды Мектебіміздегі әрбір әдіс-бірлестік өздерінің SWOT-анализдерін жасады. Жағымды жақтары мұғалімдер жаңаша оқыту әдісі бойынша сабақтарын топтық жұмыс түрінде өткізді. Тоқсан ұйымдасқан, тәжірибелі мұғалімдердің кеңестерімен жүзеге асты.

Ұсыныстар: Өзара жиі сабақтарға қатысу, семинарларға қатысу, өз білімдерін үнемі жетілдіріп отыру. ӘБ отырыстарында әр түрлі мәселелерді қарап, оларды уақытылы шешіп отыру.

**Ұлытау облысы білім асқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«№3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2024-2025 оқу жылының 4 тоқсаны бойынша ТЖБ қорытындысы
/2-4 сыныптар /**

4 тоқсан	Математика	Қазақ тілі Русский язык	Әдебиеттік оқу	Пән мұғалімі
2а	32%	36%	56%	Мұхамбетқали З.М.
2б	76%	76%	72%	Жумабаева Г.С.
2в	77%	68%	63%	Рахметова А.М.
2г	74%	52%	63%	Абузярова М.И.
Барлығы	64,7%	58%	63,5%	
3а	57%	57%	30%	Ахметова К.С.
3б	74%	53%	67%	Раисова Ш.С.
3в	40%	62%	40%	Қуатбаева А.С.
3г	79%	72%	75%	Гуменская Т.А.
3д	51%	44%	51%	Богданчикова О.В.
Барлығы	60%	57,6%	52,6%	
4а	67%	67%	71%	Алибаева Г.К
4б	56%	60%	56%	Жумабаева Г.С.
4в	100%	100%	100%	Абдрахманова Г.О.
4г	78%	60%	82%	Боева Н.М.
4д	71%	75%	82%	Хван Г.М.
Барлығы	74,4%	72,4%	78,2%	

2-4 сыныптарда білім беру бағдарламасы толық меңгерілді. 1-сыныптар қорытылмайды.

2 сыныптарда математика пәнінен жалпы 64,7 пайыздық көрсеткіш, қазақ тілі пәнінен 58, әдебиеттік оқу пәнінен 63,5 пайызды көрсетті.

3 сыныптарда математика пәнінен жалпы 60, қазақ тілі пәнінен 57,6, әдебиеттік оқу пәнінен 52,6 пайызды көрсетті.

4 сыныптарда математика пәнінен 74,4 пайыз көрсетіп, қазақ тілінен 72,4 пайыз көрсетіп, әдебиеттік оқу 78,2 пайыз көрсетті.

Білім сапасының төмендеу себептеріне тоқталатын болсақ оқушылардың оқуға деген ынтасының төмендігі, грамматикалық тақырыптардың күрделілігі. Сыныптарға басқа мектептерден оқушылардың келуі, оқу озаттарының басқа мектептерге ауысуы себеп болып отыр. Білім сапасының міндетті деңгейі көрсеткіші 54-83 пайыз аралығын көрсетті.

Білім сапасын көтеру жөнінде ұсыныстар келесі оқу жылында қарастырылатыны айтылды.

Бастауыш сынып ӘБ Ш.С.Раисова